

ЖАСАНДЫ АЛМАЛЫ

ПЛАСТИНАЛЫ



ПРОТЕЗ...

ЖАПП - ді қолдану көрсеткіштері

- Шайнау қызметін қалпына келтіруді көпірлі протездің көмегімен іске асыру мүмкіндігі жоқ кезде;
- Тіс қатарында көптеген тістер жоқ кезде;
- Тіс қатарының окклюзиялық ара-қатынасы бұзылған кезде (ортодонтиялық ем жүргізуде қолданылады);
- Тістерге көлденең қысым түсіру үшін (шендеуіш протез жасау кезінде).




ЖАПП - ді қолданудың

ҚАРСЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

- науқастың пластмасса мен оның компоненттеріне аллергиялық реакциясының болуы;
- шырышты қабаттың ауралары кезінде;
- шизофрения, эпилепсия және алкоголизммен ауыратын науқастарда;

ЖАПП - дің артықшылықтары

- тіс қатарының жартылай кетігі Кеннеди бойынша I,II,III,IV және Гавриловтың IV класс кеттігінің түрінде қолдануға болады;
- протездеу кезінде тірек тістерді егеуді қажет етпеуі;
- қарапайым, жасалуының оңайлығында, бағасының қол жетімділігінде;
- гигиенаны сақтау мүмкіндігінде;



ЖАПП - дің кемшіліктері


- дәм сезудің бұзылуы;
- дыбыс шығарудың өзгерістері;
- тіс мойынында тіс жегінің пайда болуы;
- кламмерлер орналасқан тістердің кіреукесінің қажалуы және т.б.;

КЛИНИКО - ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ

КЕЗЕҢДЕРІ.

1 - КЛИНИКАЛЫҚ КЕЗЕҢ

- науқасты сұрап – қарап тексеру;
- диагноз қою;
- протез құрылымын таңдау;
- толық анатомиялық қалып алу;
- қалыптың сапасын бағалау;



1 - лабораториялық кезең

- мүсін құю;
- протез орнының шекарасын сызу;
- балауызды негіз бен окклюзиялық білік жасау;




Рис. 5.7. Последовательность получения восковых базисов с окклюзионными валиками (пояснения в тексте)


2 - КЛИНИКАЛЫҚ КЕЗЕҢ

- орталық окклюзияны анықтау;
- жасанды тістердің түсі мен формасын науқаспен бірігіп таңдау;



2 - лабораториялық кезең

- окклюдаторға немесе артикуляторға балауызды негіз бен окклюзиялық білігі бар мүсінді бекіту;
- кламмер дайындап, оларды орналастыру;
- Жасанды тістерді орналастыру;



3 - КЛИНИКАЛЫҚ КЕЗЕҢ

- алмалы протездің балауызды құрылымын ауыз қуысынан тыс және ауыз қуысында тексеру;

3 - ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ КЕЗЕҢ

- алмалы протезді соңғы мүсіндеу;
- кюветаға отырғызу;
- балауызды пластмассаға ауыстыру;
- өңдеу, тегістеу, жалтырату;

4 - КЛИНИКАЛЫҚ КЕЗЕҢ

- жартылай алмалы пластиналы протезді науқастың ауыз қуысына кигізу, коррекция және науқасқа табыстау, кеңес беру.





Назар қойып
тыңдағандарыңызға
рахмет!!!